ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 9 желтоқсан іс №1912-24-00-2/3005 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ш.Н.Ргебек
сот отырысының хатшысы АюМейманкулованы ала отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республика Ұлттық ұланының "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылығының - 5449 әскери бөлімі республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Жунусова Айжана Советхановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Н.Уразбаев
Талап қоюшының өкілі Егізеков Б.М.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жыл 06 қырқүйек № 12967509-ЗЦП1 баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы - 5449 әскери бөлімі республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-талапкер) және жеке кәсіпкер Жунусова Айжана Советхановна (бұдан әрі-жауапкер) арасында 2024 жылдың 24 қыркүйек айында №1508 шарт жасалды. Шарттың соммасы 63 390 теңгені құрайды. Тауар: Құрылыс материалдары 3660 ә/б;.

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 22.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 23.01.2025, судья Ргебек Ш. Н., 10.02.2025

Шартқа №1 қосымшаға сәйкес, қызмет көрсету мерзімі Шарт заңды күшіне енген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде (2024 жылғы 12 қазанға дейін, қоса алғанда).

Шарт Қазынашылық органдарында 2024 жылғы 27 қыркүйекте тіркелген. Жауапкердің қамтамасыз етуі шарт сомасының 3% мөлшерінде енгізілді. Міндеттемелерді орындау орны: Алматы облысы, Заречный ауылы.

Жауапкер Шартта белгіленген мерзімде тауарларды жеткізуді жүзеге асыруға міндетті болған, алайда міндеттемесін орындамады.

Осылайша, шарттық міндеттемелер бұзылды, тұрақсыздық айыбын есептеуге сәйкес айыппұл сомасы бүгінгі күні 1902 теңгені (63 390 теңге (орындалмаған міндеттемелер сомасы) *0,1% (тұрақсыздық айыбы) * 30 (мерзімі өткен күндер саны) құрайды.

Талапкермен Жауапкердің атына Шарттың талабына сәйкес тауарларды жеткізу міндеттемелерін орындамауға байланасты шартты бұзу туралы хабарлама 14 қазан 2024 жылы мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы жолданды.

Осыған байланысты талап қоюшының тарапынан осы талап қою сотқа жүгінген. Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап арызды қолдады.

Сот отырысы жауапкердің қатысуысыз ҚР АПК-нің 196 бабы 4 бөлігінің негіздерімен қаралды.

Прокурор соттан талап қою арыз толығымен қанағаттандыруын сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің /АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚР Заңының (бұдан әрі – заң) 12-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Уәкілетті орган мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін қалыптастырады және оларға Заңның 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкесөздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер тізбесін білдіреді. Осылайша, Жауапкер шарт бойынша міндеттеменің орындалмауына байланысты Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілуі тиіс.

Тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 22.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 23.01.2025, судья Ргебек Ш. Н., 10.02.2025
1912-24-3-1/3040

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерің толығымен орындамаған. Осы себебте екі тараптардың арасында жасалған шарт талап қоюшынын тарапынан бір жақты бұзылды.

Сондай-ақ, Шарттың 7.3-тармағына сәйкес Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындау кәжет болғанына байланысты, жұмыстың орындамағаның ескере отырып, шартта көрсетілген 30 тұрақсыздық айыбын төлемегенің ескере отырып, талап қою қанағаттандыруға жататын деп санайды.

АПК-нің 117 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіруге жатады, себебі талап қою қаңағаттандырылды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы БСН 980540000149 Қазақстан Республика Ұлттық ұланының "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылығының - 5449 әскери бөлімі республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Жунусова Айжана Советхановна қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қаңағаттандырылсын.

Жунусова Айжана Советхановна жеке кәсіпкерді өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жунусова Айжана Советхановна жеке кәсіпкердің атынан, ЖСН 781119400354 мемлекеттік пайдасына 1902 (бір мын тоғыз жүз екі) теңге көлемінде тұрақсыздық төлемі өндірілсін.

Жунусова Айжана Советхановна жеке кәсіпкердің атынан жергілікті бюджетке 1904 (бір мың тоғыз жүз төрт), теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 22.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 23.01.2025, судья Ргебек Ш. Н., 10.02.2025
1912-24-3-1/3040

сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ргебек Ш.Н.**

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 22.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.01.2025, судья Ргебек Ш. Н., 10.02.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»